

«Келісемін»

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Тәрбие жұмысы және қосымша
білім беру департаментінің
директоры

 Е.Қалмақов
«___» _____ 2026 ж.

«Бекітемін»



«Балдәурен» РОСО» РМҚК
Бас директоры

Е.Иманслям

«26» _____ 2026 ж

**«Менің Қазақстаным: өткені, бүгіні, болашағы» атты ғылыми-тарихи
жобалардың республикалық байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1.1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында «Менің Қазақстаным: өткені, бүгіні, болашағы» ғылыми-тарихи жобалардың республикалық байқауы (бұдан әрі – Байқау) мемлекеттің дамуының тарихи жолын түсінуге бағытталған зерттеу және жобалау жұмыстарына тарту арқылы оқушылардың бойында «Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығын дамыту, азаматтық бірегейлікті, патриотизмді қалыптастыру және Қазақстан Республикасы Егемендігінің құндылықтарын құрметтеу үшін жағдайлар жасау мақсатында өткізіледі.

1.2. Байқаудың міндеттері:

- Қазақстан Республикасындағы өткен, қазіргі және болашақтағы тарихи оқиғалардың маңыздылығын көрсету;
- оқушылардың Қазақстан Республикасының Егемендігі тарихы туралы білімдерін тереңдету;
- жас зерттеушілердің жобалық жұмыстарын насихаттау және үздік жобаларды анықтау.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы – «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК (бұдан әрі – «Балдәурен» РОСО) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен.

1.4. Байқауға қатысушылар: барлық типтегі жалпы білім беретін мектептердің 8-10 сынып оқушылары.

1.5. Жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

II. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Байқау 2026 жылдың 25 наурызынан 15 мамырына дейін үш кезеңде өткізіледі. (Қатысу тегін)

I кезең – аудандық, **2026 жылдың 25 наурызынан 10 сәуіріне** дейін білім беру бөлімдерімен ұйымдастырылады;

II кезең – облыстық, **2026 жылдың 15-25 сәуір аралығында** облыстық және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары ұйымдастырады.

III кезең – республикалық, **2026 жылдың 12-15 мамыр аралығында** «Балдәурен» РОСО» РМҚК ұйымдастырып өткізеді.

2.2. Байқаудың III кезеңіне қатысушыларды іріктеуді облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары жүргізеді. Облыстық кезеңде I, II және III орын алған жеңімпаздар III кезеңге қатыса алады. *(Әрбір жүлделі орын (I, II, III) қатаң түрде бір қатысушыға немесе екі қатысушыдан аспайтын командаға беріледі).*

2.3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті *(бұдан әрі - Ұйымкомитеті)* және қазылар алқасы құрылады, олардың құрамы мен жұмыс тәртібі «Балдәурен» РОСО әкімшілігінің бұйрығымен бекітіледі.

2.4. Республикалық Байқаудың III кезеңіне қатысу үшін Білім басқармалары байқаудың Ұйымкомитетіне келесі материалдарды ұсынуы тиіс:

- Республикалық байқаудың III кезеңіне қатысу үшін жүлделі орынды растау туралы қазылар алқасы отырысының хаттамасының көшірмесі немесе байқаудың облыстық кезеңінің хаттамасынан үзіндісі;

- Республикалық байқаудың III кезеңіне қатысушының өтінімі (1-Қосымша) үлгісі бойынша.

- Материалдарды (құжаттарды) талаптарға сәйкес рәсімдеп, **2026 жылдың 5 мамырына** дейін кешіктірмей baldauren.baiqau@mail.ru электрондық поштасына жолдау қажет.

2.5. Ұйымкомитетіне келесі міндеттер жүктеледі:

- Байқауға қатысты ұйымдастырушылық мәселелерді шешу;
- III кезеңге өтінімдерді және ұсынылған материалдарды қабылдау;
- Байқаудың тәртібі, мерзімі және нәтижелері туралы ақпарат дайындау;

- Байқау жеңімпаздарын анықтау критерийлерін белгілеу.

2.6. Қазылар алқасы қатысушылардың байқау жұмыстарын бекітілген критерийлерге сәйкес бағалайды (2-Қосымша).

2.7. Республикалық Байқаудың III кезеңіне өткен қатысушылар өз жұмыстарын презентация түрінде ұсынады. Авторға (немесе бірлескен авторларға) қорғауына 5-7 минут, ал сұрақтар мен жауаптарға 3 минут уақыт беріледі.

III. Байқау қатысушылары

3.1. Байқауға 8-10 сынып оқушылары қатыса алады. Қатысушылар өз зерттеу жобаларын жеке немесе екі адамнан аспайтын команда құрамында ұсына алады.

IV. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

4.1. Байқауға қатысатын ғылыми жобалар келесі бағыттар бойынша қабылданады:

- **Тарих және Егемендік**

- Менің Қазақстаным: өткеннен бүгінге дейін.
- Егемендіктің жариялануы: тарихи маңызы.
- Мемлекеттік рәміздер: ұлттық бірегейлік коды.
- Ұлттық валюта – теңге: қаржылық тәуелсіздіктің тарихы.

- **Мемлекет және қоғам**

- Қазақстан Республикасының Егемендігінің қалыптасуына ықпал еткен көрнекті тұлғалар мен тарихи оқиғалар.
- Қазақстан Республикасының заманауи мемлекеттілігі тарихындағы Астана.
- Бейбітшілік пен келісімнің үлгісі: Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.

- **Мәдениет, тіл және дәстүрлер**

- Егемендікті нығайтудағы тілдің рөлі.
- Бүгінгі күндегі ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.
- Қазақстан Республикасының танымал мәдениет қайраткерлері.

4.2. Байқау жұмысы Байқаудың мақсаттары мен бағыттарына сәйкес келуі тиіс. Жұмыс зерттеушілік, аналитикалық немесе жобалық сипатта болып, Қазақстан Республикасының 35 жылдық даму жолын зерделеудегі автордың жеке үлесін көрсетуі қажет.

4.3. Жұмыс өз бетінше орындалуы тиіс. Плагиатқа, дереккөздерге сілтемесіз алынған материалдарға жол берілмейді. Рұқсат етілетін мәтіндік сәйкестік деңгейі – 25%-дан аспауы керек. Плагиат анықталған жағдайда жұмыс Байқауға қатысудан шеттетіледі.

4.4. Байқау жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі қоса беріледі, онда таңдалған тақырыптың өзектілігі мен автордың жеке үлесі көрсетілуі тиіс. Барлық кезеңдерде бұрын басқа байқауларға қатысқан жұмыстарды ұсынуға жол берілмейді.

4.5. **Жоба форматына қойылатын талаптар:**

- Қаріп: Times New Roman;
- Қаріп өлшемі: 14 Кегль;
- Жол аралық интервал: 1,5;
- Азат жол (абзац): 1,25 см;
- Өрістер: жоғарғы, төменгі және оң жақ – 2 см; сол жақ – 3 см;
- Беттерді нөмірлеу: беттің төменгі жағының ортасында. Титул беті нөмірленбеген; келесі бетте нөмірлеу 2-бет нөмірінен басталады.

4.6. **Жұмыстың құрылымы келесіні қамтуы тиіс:**

Титулды бет. Титулды бетте келесі ақпарат болуы тиіс: *(2-Қосымша)*

- Білім беру мекемесінің толық атауы;
- Жоба тақырыбы;
- Зерттеу бағыты;
- Автордың аты-жөні, сыныбы және мектебі (қала, аудан, облыс);
- Ғылыми жетекшісі (тегі, аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны);

- Қала/ауыл, жұмысты орындаған жылы.

Мазмұны. «Мазмұны» бөлімінде зерттеу жобасының құрылымы мен бөлімдерінің атаулары рет-ретімен көрсетіледі.

Аннотация. Аннотация көлемі 150-300 сөзден тұруы керек.

Аннотацияның құрылымы мыналарды қамтуы қажет:

- Мақсаты мен міндеттері;
- Өзектілігі;
- Зерттеу сұрақтары (гипотеза);
- Әдістері, тәсілдері, кезеңдері;
- Қорытындылар және нәтижелер.

Кіріспе. «Кіріспе» бөлімінде тақырыптың өзектілігі ашылып, зерттелетін мәселенің маңыздылығы көрсетіледі және отандық, шетелдік әдебиеттерге қысқаша шолу беріледі.

Зерттеу бөлімі. Зерттеу бөліміне мыналар енгізіледі: тақырыпты таңдауды негіздеу, зерттеу материалдары мен әдістері, тәжірибелік бөлім, жұмыс нәтижелері және оларды талқылау.

Қосымша. «Қосымша» бөліміне келесі материалдар енгізіледі: көрнекі құралдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне-сызбалар, суреттер немесе макеттер.

Қорытынды. «Қорытынды» бөлімінде зерттеу нәтижелері және олардан туындайтын ұсыныстар көрсетіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

4.7. Презентацияны рәсімдеу талаптары:

- Титулды бетте мақаланың тақырыбы көрсетілу керек;
- Фон мен мәтіннің түсі айқын болу керек (мысалы, ақ фон - кара мәтін);
- Презентация 7 слайдтан аспауы керек.

Слайдтарды дайындаған кезде келесілерді ескеріңіз:

- Анимация эффектілерін шамадан тыс пайдалануға болмайды;
- Қысқа, дәл сөздер мен сөйлемдерді қолдану;
- Слайд атауларын анық көрсету;
- Мазмұнын қысқа және ақпараттық етіп, қажетсіз ақпаратты қолданбау.

Зерттеу жұмысты қорғау барысында келесі материалдарды пайдалануға болады:

- Көрнекі құралдар;
- Фотосуреттер;
- Диаграммалар;
- Зерттеу күнделігі;
- Бейне сызбалар;
- Суреттер, макеттер және басқа да иллюстрациялық материалдар.

4.8. Оқушылардың зерттеу жұмыстары жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек.

V.Бағалау, қорытынды шығару және марапаттау

5.1. Байқау жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- Тақырыптың өзектілігі және ғылыми жаңашылдығы;
- Мақсаттар мен міндеттердің айқындығы;
- Зерттеу логикасы;
- Қолданылған әдістердің дұрыстығы;
- Нәтижелердің практикалық маңызы мен қолданылу мүмкіндігі;
- Жобаның сауаттылығы мен рәсімделуі;
- Жобаны ұсыну және қорғау деңгейі.

Сонымен қатар, қатысушының ақпаратты тиімді пайдалану, ойларын нақты жеткізу, көрнекі материалдарды қолдану, сұрақтарға жауап беру және жеке пікірін көрсету қабілеттері де есепке алынады. Маңызды көрсеткіштерге жұмыстың жалпы құрылымы және этикалық талаптарға сәйкестігі жатады.

5.2. Қазылар алқасы Байқауға ұсынылған зерттеу жобаларын 100 балдық жүйесі бойынша бағалайды.

5.3. Бағалау барысында *2-Қосымшада* көрсетілген критерийлер пайдаланылады.

5.4. Қазылар алқасының мүшелері критерий бойынша жеке бағалау парақтарын толтырады.

5.5. Ең жоғары балл жинаған қатысушылар Байқаудың жеңімпаздары болып танылады.

5.6. Байқаудың бағалау нәтижелері хаттамаға енгізіліп, Ұйымкомитетімен бекітіледі.

5.7. Жеңімпаздар әрбір Байқау бағыты бойынша анықталады. Байқаудың қорытынды кезеңіндегі жеңімпаздардың жалпы саны сол кезеңге өткен қатысушылардың жалпы санының 60%-ынан аспауы тиіс. Жеңімпаздар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі және «Балдәурен» РОО I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

5.8. Байқаудың қорытынды кезеңінің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

***Ұйымкомитеті мүшелерінің байланыс телефондары: 87770349272;
87081307833***

«Менің Қазақстаным: өткені, бүгіні, болашағы»
атты ғылыми-тарихи жобалардың республикалық байқауына
ӨТІНІМ

| | |
|---|--|
| Қатысушының толық аты-жөні | |
| Зерттеу жобасы жетекшісінің толық аты-жөні | |
| Білім беру мекемесінің атауы | |
| Білім беру мекемесінің мекенжайы (облыс, қала, аудан) | |
| Сынып | |
| Байқау бағыты | |
| Зерттеу жобасының тақырыбы | |
| Жұмыс тілі | |
| Қатысушының телефон нөмірі | |
| E-mail | |

«__» _____ 2026 ж.

(КОЛЫ)

«Менің Қазақстаным: өткені, бүгіні, болашағы»
атты ғылыми - тарихи жобалардың республикалық байқауы

Бағыты
Тарих және Егемендік
Зерттеу жобасының тақырыбы
«Менің Қазақстаным: өткеннен болашаққа»

Жобаның авторы:

Аскаров Асқар Асқарұлы,
Алматы облысы, Қонаев қаласы,
«Қонаев атындағы орта мектебі»
КММ, 10 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі:

Ахметов Ахмет Ахметұлы,
«Қонаев атындағы орта мектебі»
КММ, тарих мұғалімі